**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің жекелеген телімдерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 260 қаулысы

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алтын емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің ауданы 48400 га жер телімі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан қордағы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 260 қаулысына қосымша

**"Алтын емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінен Алматы облысы Кербұлақ ауданының қордағы жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ**

| Жалпы ауданы | Соның ішінде: Егістік | Шабындық | Жайылым | Ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы | Көп жылғы екпелер | Басқа жерлер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 48400 | 2230 | 1002 | 41606 | 44838 | 45 | 3517 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК